

Сарыагаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 16-125-VIII "Сарыагаш ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, кент, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне 2024 жылдың көтерме жәрдемақы және түрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 22-173-VIII шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыагаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 16-125-VIII "Сарыагаш ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, кент, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне 2024 жылдың көтерме жәрдемақы және түрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит беру туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспе бөлігіндегі "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 126 бүйрығына" деген сөздер алып тасталсын;

көрсетілген шешімнің 1-тармағы "мемлекеттік қызметшілеріне" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабының талаптарын сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыагаш аудандық мәслихат төрағасы

С. Таскулов